



**Қазақстан Республикасы, Халықаралық қалпына келтіру және Даму Банкі мен "Қазақойл" ұлттық мұнай газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы арасындағы Тапсыру және келісу туралы актіні (Өзен мұнай кен орнын оңалту жобасын) бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 26 шілде N 459-І

Вашингтонда 1999 жылғы 16 шілдеде жасалған Қазақстан Республикасы, Халықаралық қалпына келтіру және Даму Банкі мен "Қазақойл" ұлттық мұнай газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы арасындағы Тапсыру және келісу туралы акті (Өзен мұнай кен орнын оңалту жобасы) бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы мен  
Халықаралық қайта құру және Даму Банкінің  
және  
"Қазақойл" ұлттық мұнайгаз компаниясы  
жабық акционерлік қоғамы  
арасындағы  
Беру және келісу актісі  
(Өзен мұнай кен орнын оңалту жобасы)

Осы беру және келісу актісін Қазақстан Республикасы (Қазақстан Республикасы), Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі (Банк) және "Қазақойл" ұлттық мұнайгаз компаниясы жабық акционерлік қоғамы ("Қазақойл" ҰМК) 1999 жылғы шілде айының 16-күні жасалды.

(А) Осымен, Банк 1996 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Банк арасында жасалған Заем туралы келісімге (Займ туралы келісім) сәйкес, оған енгізілген түзетулерді қоса, Қазақстан Республикасына жүз тоғыз миллион АҚШ долларына

баламды (109.000.000 АҚШ \$) түрлі валютадағы соманы бөлуге (Заем), Заем туралы келісімде көзделген шарттар мен мерзімдерге және Банкпен ӨМГ арасындағы дәл сол күні жасалынған Жоба туралы келісімде айтылған (Жоба туралы келісім), Өзенмұнайгаз АҚ (ӨМГ) Банктің алдында өзіне осындай міндеттерді алуға келісуі шартымен келісті.

(Б) 1996 жылғы 11 желтоқсанда Қазақстан Республикасы мен ӨМГ арасында жасалған қосалқы заем туралы келісімге сәйкес (Қосалқы заем туралы келісім), Заем туралы келісімнің берілетін Заем қаражат, Қосалқы заем туралы келісімде атап көрсетілген мерзімдер мен шарттарда, (ӨМГ) шеңберінде қайта кредиттеледі;

(В) Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы Жарлығы мен Үкіметтің 1997 жылғы 24 наурыздағы 410 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы бәрін қоспағанда көмірсутегін барлауды, игеруді, өндіруді және қайта өңдеуді жүргізуі тиіс жабық акционерлік қоғам нысанындағы "Қазақойл" ҰМК-ын құрды және оған өнімдердегі, роялтидегі және көмірсутегін барлау, игеру және қайта өңдеу жөніндегі басқа да келісімдер бөлігіндегі өзінің үлесін, оның ішінде Каспий құбыр желісі жөніндегі консорциумдағы өзінің үлесін, экономикалық әріптестер мен бірлескен кәсіпорындардағы өзінің үлесін және өндіру мен қайта өңдеу жөніндегі акционерлік қоғамдардағы мемлекеттің үлесін берді;

(Г) Қазақстан Республикасы саяси тұжырымдарға сүйене отырып, мұнай мен газ жөніндегі барлық жобаларды "Қазақойл" ҰМК арқылы жүзеге асыруға ниеттеніп отыр және сондықтан да Заем туралы келісім бойынша өзінің құқықтары мен міндеттемелерін "Қазақойл" ҰМК бермек ойда;

(Д) Қазақстан Республикасы Заем туралы келісім бойынша құқықтық мұрагер ретінде Қазақстан Республикасы мен Банктің арасында жасалған немесе жасалатын кепілдіктер туралы келісімде көзделгендей "Қазақойл" ҰМК-ге міндеттемелер бойынша кепілдіктерді беруге келіседі; және

(Е) "Қазақойл" ҰМК Қазақстан Республикасының көрсетілген кепілдігі мен Банктің беруге келісімін назарға ала отырып, Қазақстан Республикасының өзінің пайдасына көрсетілген беруіне келіседі және осы Келісімде көзделген шарттарды Заем туралы келісім бойынша құқықтар мен міндеттемелерді қабылдауға және жүзеге асыруға дайын.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы актінің тараптары төмендегі туралы уағдаласты:

## I бап

### Қазақстан Республикасының беруі және кепілдігі

1.01-бөлім. "Қазақойл" ҰМК Заем туралы келісімге енгізілген белгілі бір

түзетулермен келісуі шартымен, Қазақстан Республикасы осымен Заем туралы келісім бойынша өзінің барлық құқықтары мен міндеттемелерін "Қазақойл" ҰМК береді және "Қазақойл" ҰМК Қазақстан Республикасының орнына көрсетілген барлық құқықтары мен міндеттемелерін пайдалануға және орындауға өкілеттік береді.

1.02-бөлім. "Қазақойл" ҰМК, бұдан әрі көрсетілгендей, Заем туралы келісімдегі түзетулермен және өзгерістермен Қосалқы заем туралы келісім бойынша келісуі шартымен Қазақстан Республикасы осымен Қосалқы заем туралы келісім бойынша барлық құқықтар мен міндеттерді "Қазақойл" ҰМК-на береді және "Қазақойл" ҰМК-ге Қазақстан Республикасының орнына барлық көрсетілген құқықтар мен міндеттерді пайдалануға және орындауға өкілеттік береді.

1.03-бөлім. Осы көрсетілген беруге Банктің келісімін назарға ала отырып, Қазақстан Республикасы (Кепілші), осы Актіге қосымшада қоса берілген нысанда Кепілдік туралы келісімді (Кепілдік туралы келісім) ресімдеуге және ұсынуға келіседі.

## II бап

### "Қазақойл" ҰМК қабылдауы және келісуі

2.01-бөлім. Осымен, "Қазақойл" ҰМК Қазақстан Республикасының тағайындауын, беруді және өзіне берілген құқықты қабылдайды және осы Актінің, 1.01-бөліміне сәйкес Заем туралы келісімдегі өзгерістермен келіседі. "Қазақойл" ҰМК бұдан былай Қазақстан Республикасын Заем туралы келісімде Заем алушы ретінде ауыстырады және осыған сәйкес осы Актінің 2-қосымшасындағы өзгертілген және қайта ресімделген Заем туралы келісімде (Заем туралы өзгертілген және қайта ресімделген келісім) көрсетілгендей тиісінше Заем туралы келісім де өзгереді. "Қазақойл" ҰМК, осымен өзгертілген және қайта ресімделген Заем туралы келісімнің шарттарын орындайтындығына келісім береді және оны растайды.

2.02-бөлім. Сондай-ақ, осымен, "Қазақойл" ҰМК осы Актінің 1.01-бөліміне сәйкес Қазақстан Республикасының өзіне берген тағайындауын, беруі мен құқықтарын қабылдайды. "Қазақойл" ҰМК Қосалқы заем туралы келісімде кредитор ретінде Қазақстан Республикасын ауыстырады және осыған сәйкес тиісінше Қосалқы заем туралы келісім де өзгереді. "Қазақойл" ҰМК, Қосалқы заем туралы келісімнің шарттарын толық орындайтындығына келісім береді және растайды.

2.03-бөлім. Заем туралы келісім және Қосалқы заем туралы келісім бойынша, "Қазақойл" ҰМК, осы құжаттармен Қазақстан Республикасының құқықтары мен міндеттерін алуға құқықты және өкілетті екендігін және "Қазақойл" ҰМК құжаттары қолданылып жүрген заңдар мен рәсімдерге сәйкес тіркелгенін "Қазақойл" ҰМК осымен білдіреді, ал Қазақстан Республикасы осымен растайды.

## III бап

## Банктің келісуі

3.01-бөлім. "Қазақойл" ҰМК өзгертілген және қайта ресімделген Заем туралы келісім мен өзгертілген Қосалқы заем туралы келісім бойынша міндеттемелерді толық өзіне қабылдау Шартымен және Кепілдік туралы келісімге сәйкес өзінің құқықтарын тиісті түрде сезінгенде, Банк, осы Актінің 2.01 және 2.02-бөлімдерінде көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының орнына "Қазақойл" ҰМК-ның болуымен, құқығының берілуімен, және тағайындалуымен келіседі.

### ІҮ бап

#### Күшіне енуі; қосымшалар мен мекен-жайлары

4.01-бөлім. Мына оқиғалар осы Келісімнің күшіне енуінің шарттары болып табылады:

(а) Қазақстан Республикасы мен "Қазақойл" ҰМК-ның атынан құқықтар мен міндеттемелерді беру тиісті тұрғыда уәкілеттендірілгендігі және беру мен келісу туралы осы Акт тиісті түрде ресімделгені және Қазақстан Республикасы мен "Қазақойл" ҰМК атынан ұсынылғаны және оның шарттарына сәйкес тараптар үшін заңдық жағынан міндетті екендігі туралы қорытындылар немесе қорытынды Банк Банкке тиесілі заңгер үшін қанағаттанымды;

(б) Кепілдік туралы келісім Қазақстан Республикасының атынан ресімделгендігі және ұсынылғаны туралы куәлік Банк үшін қанағаттанымды; және

(с) қорытынды Кепілдік туралы келісімнің тиісті түрде уәкілеттендірілгендігі немесе бекітілгендігі және ресімделгені және Кепілшінің атынан ұсынылғандығы туралы Банк, Кепілшінің атынан Банк үшін тиесілі заңгер үшін қанағаттанымды және оның шарттарына сәйкес Кепілші үшін заңдық тұрғыда міндетті болып табылады.

Осымен тараптар Заем туралы келісім мен Қосалқы заем туралы келісімді сөзсіз түсінеді және қабылдайды және көрсетілген келісім бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері өзгеріссіз қалады және оған байланысты құқықтарды тағайындау, ұсыну, беру, өзгерістер, түзетулер және келісімдер Банк Қазақстан Республикасы мен "Қазақойл" ҰМК-на жоғарыда көрсетілген шарттардың орындалғандығы туралы мәлімдейтін хабарлама жібергенге дейін күшіне енбейді.

4.02-бөлім. Егер Банк өзгедей келіспесе, осы Келісім осы күннен бастап тоқсан (90) күннің ішінде күшіне енбеген жағдайда тоқтатылады.

4.03-бөлім. Осыған I қосымша мен II қосымша осы Келісімнің құрамдас және ажырамас бөлігін білдіреді.

4.04-бөлім. Тараптардың мына мекен-жайлары осы Келісімге қатысты құлақтандырулар мен сұрай салуларды жолдау үшін пайдаланылады:

Қазақстан Республикасы үшін:

Қаржы министрлігі

Бейбітшілік көшесі, 11

473000, Астана

Қазақстан Республикасы

Телекс:

251 245 FILIN

Банк үшін:

United States of America

Washington, D.C. 20433

1818 H Street, N. W

Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі

Cable address Телекс:

INTBAFRAD 248423 (RCA)

Washington, D.C. 82987 (FTCC)

64145 (WUI) немесе

197688(TRT)

"Қазақойл" ҰМК үшін:

Республика даңғылы 60

473000 Астана

Қазақстан Республикасы

Осыны растау үшін, тараптар өздерінің тиісті түрде уәкілеттік берілген өкілдері арқылы осы келісімге жоғарыда жазылған тиісті аттарымен сол күні және жылы қол қойды.

Қазақстан Республикасы

қол қойылды

Б.К.Нұрғалиев

Уәкілетті өкіл

Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі

қол қойылды

Джуди О Коннер

Жұмыс істеп тұрған Еуропа және Орта Азия  
Аймақтық вице-президенті

"Қазақойл" Ұлттық мұнайгаз компаниясы  
қол қойылды Б.К.Нұрғалиев  
Уәкілетті өкіл

1-Қосымша

Кепілдік туралы келісім  
Заем нөмірі 4061 KZ

Қазақстан Республикасы

мен  
Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі  
арасындағы  
кепілдік туралы келісім  
(Өзен мұнай кен орнын оңалту жобасы)

Заем нөмірі 4061 KZ

Кепілдік туралы келісім

Қазақстан Республикасы (Кепілші) мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі (Банк) арасындағы 1999 жылғы 16 шілдедегі Келісім,

Осымен (А) Кепілші, Банк және "Қазақойл" ұлттық мұнайгаз компаниясы (Заем алушы) арасында жасалған Беру және келісу туралы акті арқылы (дәл сондағы күннен) [1999 жылғы 16 шілдеден] (Беру және келісу туралы акт) Кепілші Заем туралы келісім бойынша құқықтары мен міндеттемелерін береді және Заем алушы қабылдады және Беру және келісу туралы актіге қоса берілген Түзетілген және қайта ресімделген заем туралы келісім бойынша міндеттерді өзіне қабылдауға келісім берді:

(Б) Банк Беру және келісу туралы актіде көзделген мерзімдер мен шарттарда көрсетілген беруге келісті, егер Кепілші осы Келісімде көрсетілген Займға қатысты Займ алушы міндеттеріне кепілдік берсе;

Осымен, Кепілші, Заем алушы мен Кепілші жасаған Беру және келісу туралы актіге Банктің қатысатынын назарға ала отырып, Заем алушының міндеттемелері бойынша осы кепілдікке келісті.

Сонымен, жоғарыда айтылғанды ескере отырып, осымен тараптар төмендегі туралы келісті:

## I бап

### Жалпы шарттар; Анықтаулар

1.01-бөлім. Банктің 1985 жылы 1 қаңтарда шыққан "Заем және Кепілдік туралы келісімге қолданылатын жалпы шарттары" төменде көзделген өзгерістерімен (Жалпы шарттар) осы Келісімнің ажырамас бөлігін білдіреді;

(а) 3.02-Бөлімнің соңғы сөйлемі алынып тасталынды;

(б) 5.01-Бөлімнің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк пен Займ алушы басқаша келісе алмаған жағдайда, ақша Банк мүшесі емес елдің аумағының шығыны есебіне аударылады, немесе (б) заңды немесе жеке тұлғаның әртүрлі мақсаттағы төлеміне, немесе тауар импортына, егерде бұл төлем мен импортқа Банктің білуінше, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысының 7-ші тарауына сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған шешімімен тыйым салынған болса"

(в) 6.02-бөлімінде (к) тармақшасы (1) тармақша болып аталады және (к) мынадай жаңа тармақша түрінде толықтырылады:

(к) Төтенше жағдайлар пайда болған жағдайда Займ аумағындағы ақша аударудың ешқайсысы Банк Келісімінің 3-ші бабына 3-ші бөліміне сәйкес болмайды.

1.02-Бөлім. Егер мәтіннің толық мәнді үзіндісі қажет етпесе, осы Келісімнің кіріспесі мен жалпы шарттарында анықталған кейбір шарттар, Займ туралы Келісім мен тапсыру және келісу Актісіндегі кіріспе мен 1.02-Бөлім соған сәйкес мағынаны

білдірмек.

## №II бап

### Кепілдік; Қаражатпен қамтамасыз ету

2.01-бөлім. Заем туралы келісімге 2-қосымшада көзделгеніндей, Кепілші Жобаның міндеттерін орындау туралы өзінің кез келген міндеттемелерін жариялайды, сөйтіп осы тұрғыда Кепілдік туралы келісім бойынша Кепілші өзінің басқа да міндеттемелерін шектеусіз немесе қысқартусыз сөзсіз орындауға, кепілге алушы ғана емес, бірінші міндетті тұлға ретінде негізгі қарызын уақытылы төлеуге, Заем бойынша проценттік, болған жағдайда сыйақы, алдын ала төлеу, басқа да Заем туралы келісімде көзделген Заем алушы міндеттемелерін және Заем бойынша басқа да төлемдерді төлеуге кепілдік береді.

2.02-бөлім. Осы Келісімнің 2.01-Бөлімін шектеусіз және қысқартусыз орындауға Жобаны орындауға талап етілетін шығыстарды жүргізуге Заем алушының қаржысы жеткіліксіз деп есептеуге негіз пайда болған кезде, Кепілші Банкті қанағаттандыратын, Заем алушыны дерек қамтамасыз ететін

немесе Заем алушының талап етілетін шығыстарын орындауға қажетті қаржымен қамтамасыз етуге өкім беретін арнаулы шараларды қабылдайды.

## III-бап

### Басқа да шарттар

3.01-бөлім. Заем туралы келісім бойынша өзінің міндеттемелерін орындау үшін және Заем алушының жобаны орындауына жағдай туғызу үшін, Кепілші шек қоймау, лицензия беру және бекіту сияқты шаралар қабылдау керек.

3.02-бөлім. Кепілші Заем алушыға шикі мұнайды коммерциялық қалай сатқан орынды деп есептесе, солай сатуына рұқсат етуі тиіс.

## IV бап

### Кепілшінің өкілдері; мекен-жайлар

4.01-бөлім. Кепілшінің Қаржы министрі Жалпы шарттардың 11.03-Бөлімін орындау мақсатында кепілшінің өкілі болып тағайындалады.

4.02-бөлім. Төмендегі мекен-жайлар Жалпы шарттардың 11.01-Бөлімінің мақсаты үшін көзделеді:



Кепілші үшін:  
Қаржы министрлігі  
Бейбітшілік көшесі, 11  
473000, Астана  
Қазақстан Республикасы

Телекс: 251 245 FILIN

Банк үшін:

Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі  
1818 H Street, N. W  
Washington, D.C. 20433  
United States of America

Cable address Телекс:  
INTBAFRAD 248423 (RCA)  
Washington, D.C. 82987 (FTCC)  
64145 (WUI) немесе  
197688(TRT)

Осыны растау үшін, тараптар өздерінің тиісті түрде уәкілеттік берілген өкілдері арқылы осы Келісімге, бірінші бетте жазылып, көрсетілген күн мен жылда өздерінің тиісті аттарынан қол қойды. (District of Columbia, Америка Құрама Штаттары)

Қазақстан Республикасы

қол қойылды                      Б.К.Нұрғалиев

Уәкілетті өкіл

Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі

қол қойылды                      Джуди О Коннер

Еуропа және Орта Азия  
Аймақтық Вице-президенті

## 2-Қосымша

Заемның нөмірі 4061-KZ

"Қазақойл" ұлттық мұнайгаз компаниясы  
жабық акционерлік қоғамы мен  
Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі  
арасындағы  
Өзгертілген және қайта рәсімделген  
Заем туралы келісім  
(Өзен мұнай кен орнын оңалту жобасы)

Заем туралы келісім

"Қазақойл" ұлттық мұнайгаз компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (Заем Алушы ) мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі (банк) арасындағы 1996 жылғы 18 шілдедегі Келісім.

(А) Заем алушы, осы Келісімнің 2-Қосымшасында сипатталған Жобаның өміршеңдігі мен басымдығына көз жеткізгеннен кейін Жобаны қаржыландыруға көмектесу туралы Банкке өтініш Жасағандықтан;

(В) Жобаны Заем алушының көмегімен Өзенмұнайгаз компаниясы (ӨМГ) жүзеге асыратын болғандықтан және Заем алушы осы Келісім бойынша берілетін Заем қаражатын осындай көмектің бір бөлігі ретінде ӨМГ-ге беретіндіктен; және

Банк, басқа шарттардың ішінде, жоғарыда айтылғаннан негізінде Заем алушыға осы Келісімде және Банк пен ӨМГ арасында дәл сол күні жасалған Жоба туралы келісімде ескертілген шарттарда Заем беруге Келіскендіктен;

Осылай, осы арқылы тараптар төмендегі мәселе туралы уағдаласады:

### I Бап

Жалпы шарттар; Анықтамалар

1.01-бөлім. Банктің 1985 жылғы 1 қаңтардағы Заемдар мен Кепілдіктер туралы келісімдерге қатысты қолданылатын жалпы шарттары төменде ескертілген

түзетулермен бірге (Жалпы шарттар) осы Келісімнің ажырамас бір бөлігін құрайды:

(а) 3.02-бөлімнің соңғы сөйлемі алынып тасталды.

(Б) 5.01-бөлімнің екінші сөйлеміне өзгерістер енгізілді және ол былайша оқылады:

"Егер Банк пен Заем алушы өзгеше уағдаласпаса, онда қаражат алу:

(а) Банктің мүшесі болып табылмайтын кез келген елдің аумағындағы шығындар үшін, немесе осындай аумақтарда өндірілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің ақысын төлеу үшін; немесе (Б) импортталатын тауарлар үшін тұлғаларға немесе кәсіпорындарға төлем төлеу мақсатында, егер мұндай төлемдерге немесе импортқа, Банктің ақпаратына сәйкес, БҰҰ Жарғысының ҮІІ тарауы шеңберінде қабылданған БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің шешімімен тыйым салынған болса, жүзеге асырылмауы тиіс".

6.02-бөлімдегі (к) бөлімшесі (1) бөлімше болып өзгертілді, ал жаңадан қосылған (к) бөлімшесін былайша оқу керек:

"(к) Заем қаражатының бұдан былайғы кез келген алынуы Банк Шарты туралы Келісімнің ІІІ Бабының 3-Бөлімінің шарттарына сәйкес келмейтін төтенше жағдай қалыптасты".

1.02-бөлім. Егер контекст өзгеше қажет етпесе, онда Жалпы шарттарда және осы Келісімнің Кіріспесінде айқындалған кейбір терминдер тиісінше оларда айқындалған мәнге ие болады, ал төменде келтірілген қосымша терминдер, мынадай мәндерге ие болады:

(а) "ЗА Блогы" Өзен мұнай кен орнының ЗА Блогы ретінде шекаралары белгіленген аймақты білдіреді.

(Б) "Жоба туралы келісім" осы құжатта қай күні көрсетілсе, дәл сол күн көрсетілген және сондай-ақ мезгіл-мезгіл түзетулер енгізіліп отыруы мүмкін Банк пен Өзенмұнайгаз (ӨМГ) арасындағы келісімді білдіреді және бұл термин Жоба туралы келісімге қосымшалар болып қосылған барлық кестелер мен келісімдерді қамтиды.

(с) "Жобаны әзірлеуге берілген аванс" Қазақстан Республикасы мен Банк арасындағы 1995 жылдың 8 қарашасы күнгі Келісім-хатқа сәйкес Банк Қазақстан Республикасына берген, жобаны әзірлеуге арналған авансты білдіреді.

(d) "Айналым қаражатын қаржыландырудың қысқа мерзімді жоспары" ӨМГ-нің айналым қаражатын (жұмыс капиталын) қаржыландырудың Банктің келісімімен мезгіл-мезгіл өзгертіліп отыруы мүмкін 1996 жылғы 31 мамырдағы қысқа мерзімді жоспарын білдіреді.

(е) "Арнаулы шот" осы Келісімнің 2.02 (Б) Бөлімінде айтылған шотты білдіреді.

(f) "Қосалқы заем беру туралы келісім" осы Келісімнің 3.01(Б) Бөліміне сәйкес Заем алушы мен ӨМГ арасында жасалатын оған да мезгіл-мезгіл түзетулер қабылдануы мүмкін Келісімді білдіреді және бұл термин Қосалқы заем туралы келісімге қоса берілген барлық қосымшаларды қамтиды. "Қосалқы заем" термині осы Келісімге сәйкес берілген заемды білдіреді.

(q) Техникалық және басқарудың ноу-хау қызметтері техникалық және басқару ноу-хауын беру жөніндегі қызметтерді білдіреді және басқа да консультациялық қызметтерді қамтиды.

(h) "Техникалық қызмет көрсету" скважиналарды сынау, каротаж, скважиналарды перфорациялау және оларға қайталап су айдау жөнінде осы Жобаның В.1 және В.2-Бөлімдеріне сәйкес көрсетілуге тиісті қызметтерді және скважиналарды күрделі жөндеу қондырғыларының қызметтерін білдіреді.

(i) "ӨМГ" немесе "Өзенмұнайгаз" Заем алушының заңдарына сәйкес құрылып, жұмыс істеп тұрған заңды тұлға - "Өзенмұнайгаз" компаниясын білдіреді және оның Банк үшін қабылданымды кез келген құқықтық мұрагерін немесе құқықтық мұрагерлерін қамтиды.

(j) "ӨМГ-ні жекешелендіруді жүзеге асыру жоспары" осы Келісімнің 3.05-Бөліміне сәйкес Заем алушының ӨМГ-ні жекешелендіру жөніндегі жоспарын білдіреді, сонымен бірге аталған жоспарға Банктің келісімімен мезгіл-мезгіл түзетулер енгізіліп отыруы мүмкін.

(k) "Өзен мұнай кен орны" түпкі Заем алушының 1995 жылғы 5 қыркүйектегі N 254 лицензиясына сәйкес Өзен мұнай кен орны болып табылатын түпкі Заемшының осы кен орнын білдіреді.

## II Бап

### Заем

2.01-бөлім. Банк Заем алушыға Заем туралы келісімде айқындалған немесе ескертілген мерзімге және шарттарда жиынтық Шамасы түрлі валютада бір жүз тоғыз миллион доллар (109,000,000 доллар) сомасына баламды болатын, осы Заем бойынша алынатын қаражат сомасы болып табылатын заем беруге келіседі, бұл ретте әрбір қаражат алынымы сомасын Банк осындай алыным күніне бағалайтын болады.

2.02-бөлім. (a) Заем сомасы заем шотынан осы Келісімнің 2-Қосымшасында сипатталған, Жоба үшін қажетті тауарлар мен қызметтердің негізделген құнын ескере отырып жүзеге асырылған (немесе, егер Банк келісім берсе, жүзеге асырылуға тиісті) және осы Заем қаражатынан қаржыландырылатын шығындар үшін осы Келісімнің 1-Қосымшасының шарттарына сәйкес алынуы мүмкін.

(b) Заем алушы Жобаны жүзеге асыру мақсатында Банк үшін қабылданымды болып табылатын қандай да болсын коммерциялық банкте және Банк үшін қабылданымды шарттарда, оның ішінде талаптардың есепке алынуынан, тәркілеуден немесе тұтқындау белгілеуден тиісті дәрежеде қорғай отырып, доллар мен ағымдағы арнаулы шот ашып, ұстап отыра алады. Шотқа қаражат аудару және Арнаулы шоттан қаражат төлеу осы Келісімнің 4-Қосымшасының шарттарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

(с) Келісім күшіне енгеннен кейін дереу Банк жобаны әзірлеу үшін алынған және осы күнге қайтарылуға тиісті Аванс сомасын өтеу үшін қажетті соманы Заем алушының атынан Заем шотынан алып, оны өзіне өзі төлеуі, сондай-ақ осы сомаға есептелген барлық проценттерді төлеуі тиіс. Жобаны әзірлеуге арнап бекітілген Аванс сомасының алынбаған қалдығы осыдан кейін жойылады.

2.03-бөлім. 2000 жылдың 31 желтоқсаны немесе Банк белгілейтін осындай неғұрлым кейінірек күн Заемды жабу күні болады. Банк осындай неғұрлым кейінірек күн туралы Заем алушыны дереу хабардар етуі тиіс.

2.04-бөлім. Заем алушы кредит желісін сақтап отырғаны үшін Банкке мезгіл-мезгіл шоттан алынбай қалатын негізгі заем сомасына жылына бір проценттің төрттен үшін (1%-тің 3/4) төлем ставкасы бойынша есептелген комиссиялық алым төлеп отыруы тиіс.

2.05-бөлім. (а) Заем алушы процент есептеудің әрбір кезеңі үшін осының алдындағы жарты жылдық негізінде айқындалып, оған жарты процент (1%-тің 1/2) қосылған білікті қарыз алу құнына тең болатын төлем ставкасы бойынша алынған және мезгіл-мезгіл қайтарылмай қалып отырған негізгі заем сомасына проценттер төлеуі тиіс. Осы Келісімнің 2.06-Бөлімінде ескертілген әрбір күні Заем алушы проценттер есептеліп отырған осының алдындағы кезең ішінде қолданылып келген төлем ставкасы бойынша есептеп шығарылып, проценттер есептеліп отырған осындай кезең ішінде қайтарылмаған борыштың негізгі сомасына есептелген проценттер төленуі тиіс.

(б) Әрбір жарты жылдық аяқталғаннан кейін осы семестрге айқындалған "білікті қарыз алу құны туралы Заем алушыны мүмкіндігінше тез хабардар етеді.

(с) Осы бөлімнің мақсаттары үшін:

(i) "Проценттер есептелетін кезең" осы Келісімге қол қойылған кезең ішіндегі проценттер есептелетін кезеңнен басталып, осы Келісімнің 2.06-Бөлімінде айқындалған әрбір күннің дәл алдындағы күні аяқталатын алты айлық кезеңді білдіреді.

(ii) "Білікті қарыз алу құны" Банк негіздей отырып айқындаған және 1982 жылдың 30 маусымынан кейін алынған Банк қарызының қайтарылмаған сомасының жылдық проценттерімен көрсетілген құнды білдіреді, (А) Банк инвестицияларын; және (В) проценттері осы Бөлімнің (а) парасында ескертілген қағидаттардан өзгеше қағидаттар бойынша айқындалатын, Банк 1989 жылдың 1 шілдесінен кейін беруі мүмкін заемдарды қаржыландыру үшін Банк бөлген осындай қарыздар немесе олардың бөліктері бұған қосылмайды.

(iii) "Жарты жылдық" күнтізбелік жылдың алғашқы алты айын немесе екінші алты айын білдіреді.

(d) Банк айқындайтын және бұл туралы ол Заем алушыны осы күннен кемінде алты ай бұрын хабардар ететін күні осы Бөлімнің (а), (в) және (с) (iii) паралары өзгертіліп, былайша оқылуы тиіс:

"(а) Заем алушы алынып, қандай да бір уақыт кезеңдерінде қайтарылмай қалған негізгі Заем сомасына әрбір тоқсан үшін осының алдындағы тоқсанға жарты процент ( 1%-тің 1/2 ) қосып айқындалатын білікті қарыз алу құнына тең төлем ставкасы бойынша процент төлеуі тиіс. Осы Келісімнің 2.06-Бөлімінде ескертілген әрбір күні Заем алушы проценттер есептеліп отырған осының алдындағы кезең ішінде қолданылып келген төлем ставкасы бойынша есептеп шығарылып, проценттер есептеліп отырған осындай кезең ішінде қайтарылмаған борыштың негізгі сомасына есептелген проценттер төлеуі тиіс.

"(Б) Әрбір тоқсан аяқталғаннан кейін Банк осы тоқсанға айқындалған білікті қарыз алу құны туралы Заем алушыны мүмкіндігінше тез хабардар етеді.

"(с) (iii) "Тоқсан" күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында, 1 сәуірінде, 1 шілдесінде немесе 1 қазанында басталатын үш айлық кезеңді білдіреді".

2.06-бөлім. Проценттер мен басқа да алымдарды төлеу алты айда бір рет әр жылдың 15 мамыры мен 15 қарашасында жүзеге асырылуы тиіс.

2.07-бөлім. Заем алушы негізгі Заем сомасын осы Келісімнің 3-Қосымшасында айқындалған өтем кестесіне сәйкес қайтаруы тиіс.

### III Бап

#### Жобаны іске асыру

3.01-бөлім. (а) Заем алушы осы Келісімнің 2-Қосымшасында айқындалған Жобаның мақсаттарын өзі ұстанатындығын мәлімдейді және осыған байланысты Заем туралы келісім бойынша өзінің басқа міндеттемелеріне қатысты қандай да болсын шектеулерсіз, Жоба туралы келісімнің шарттарына сәйкес ӨМГ онда ескертілген барлық міндеттемелерді орындайтын болуын қамтамасыз етуге тиіс және барлық іс-әрекеттердің орындалуын, соның ішінде ӨМГ-ге қаражат, ғимараттар, қызметтер және осындай міндеттемелерді орындау мүмкіндігімен қамтамасыз ету үшін қажетті әрі тиісті басқа да ресурстар берілуін көздеуі немесе қамтамасыз етуі тиіс, сондай-ақ осындай міндеттемелердің орындалуына кедергі жасайтын немесе бөгет болатын кез келген іс-әрекеттерді жүзеге асыруға немесе оларға жол беруге тиісті емес.

(Б) Заем алушы мен ӨМГ арасында жасалған Қосалқы заем туралы келісімнің негізінде Заем алушы Банк мақұлдайтын шарттарда ӨМГ-ге Заем қаражатын қайта қарызға беруі тиіс, ол шарттарға мыналар қосылады:

(i) Қосалқы заем туралы келісімнің мерзімі төрт жыл жеңілдікті кезеңді қоса алғанда 12 жыл болуы тиіс;

(ii) Заем алушы қаражатты резервте ұстағаны үшін осы Келісімнің 2.04-Бөлімінің шарттары бойынша қаражатты резервте ұстағаны үшін алынатын комиссиялық алымдардың төлем ставкасына тең төлем ставкасы бойынша комиссиялық алымдар алуға тиіс.

(iii) Заем алушы алынған және мезгіл-мезгіл қайтарылмай қалып отырған негізгі қосалқы заем сомасынан осы Келісімнің 2.05-Бөлімінің шарттары бойынша төленетін төлем ставкасынан тыс базистік тармақтардың 200 (2%) төлем ставкасы бойынша проценттер алып отыруға тиісті; және

(iv) негізгі қосалқы заем сомасы доллармен есептегенде (өтем күні немесе күндері айқындалады) Жоба бойынша шығындарды өтеу үшін Заем шотынан валютада немесе валюталарда алынған мөлшерге баламды болуы тиіс.

(c) Заем алушы Қосалқы заем беру туралы келісімде ескертілген өз құқықтарын Заем алушы мен Банктің мүдделерін қорғау және осы заемның мақсаттарын орындау қамтамасыз етілетіндей етіп іске асыруы тиіс, және егер Банкпен арада өзгеше уағдаластық болмаса, Қосалқы заем беру туралы келісімді немесе оның қандай да болмасын ережелерін басқа біреуге беруге, түзетуге, жоюға немесе одан бас тартуға тиісті емес.

3.02-бөлім. Банкпен арада өзгедей туралы келісім бар жағдайларды қоспағанда, Жобаны іске асыру үшін қажетті және Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарларды, жабдықтарды (техникалық қызмет көрсетуді қоса) және консультациялық қызметтерді сатып алу Жоба туралы келісімнің 1-қосымшасының шарттарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

3.03-бөлім. Осы арқылы Банк пен Заем алушы Жалпы шарттардың және 9.04, 9.05, 9.06, 9.07, 9.08 және 9.09-Бөлімдерінде ескертілген міндеттемелердің барлығын ( тиісінше сақтандыруға, тауарлар мен қызметтерді пайдалануға, жоспарлар мен кестелерге, іс жүргізуге және есептілікке, жерді өңдеуге және оны сатып алуға қатыстыларын), ӨМГ жоба туралы Келісімнің 2.03-Бөліміне сәйкес орындауы тиіс.

3.04-бөлім. Заем алушы ӨМГ-мен бірге айналым қаражатын

қаржыландырудың Қысқа мерзімді жоспарын Банк үшін қанағаттанарлық дәрежеде іске асыруға тиіс.

3.05-бөлім. Банкпен өзгеше келісімдері бар кезден басқа жағдайларда Заем алушы: (а) Банкпен келісілген шарттарда ӨМГ-ні жекешелендіруді жүзеге асырудың жоспарын дайындауға, және (б) осы жоспарды Банкке қабылданымды тәсілмен іске асыруға міндетті.

3.06-бөлім. Заем алушы қабылданымды барлық тәсілдерді қолдану арқылы ӨМГ-нің шикі мұнайды коммерциялық негізге сәйкес сатуын қамтамасыз етуге міндетті.

#### IV Бап Қаржы міндеттемелері

4.01-бөлім. (а) Шығыс ведомостары негізінде Заем шотынан қаржы алу жүргізілген шығындарға байланысты Заем алушы олардың барлығы бойынша:

(i) осындай шығындарды көрсететін құжаттарды немесе есептерді бухгалтерлік есепке алудың негізделген практикасына сәйкес жүргізуі немесе жүргізілуін қамтамасыз етуі;

(ii) осындай шығындарды куәландыратын барлық құжаттардың (контрактылардың, тапсырыстардың, шоттардың, фактуралардың, түбіртектердің және басқа да құжаттардың) Заем шотынан қаражат алу жүзеге асырылған қаржы жылының аудиторлық есептемесін Банк алғаннан кейін жоқ дегенде бір жыл сақталуын қамтамасыз етуі; және

(iii) Банк уәкілдерінің осындай құжаттарды сараптама мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

(Б) Заем алушы:

(i) Арнаулы шотқа жататындарын қоса, осы Бөлімнің (а) (i) парасында сілтеме жасалған құжаттар мен шоттарға (әрбір қаржы жылы үшін) Банк үшін қабылданымды болып табылатын тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық тексерістерінің тиісті тұрғыдағы әрі дәйекті қағидаттарына сәйкес аудит жүргізуі;

(ii) аталған аудиторлар Банк қалай негіздеуі мүмкін болса, сондай ауқымда және сондай нақтылықпен жүргізген осындай аудиторлық тексеріс туралы есептемені, оның ішінде осындай қаржы жылы ішінде тапсырылған шығыс ведомостарының, сондай-ақ оларды әзірлеу барысында пайдаланылған рәсімдер мен ішкі бақылаудың оларға байланысты қаражат алынуының негізділігін қолдау тұрғысындағы сенімділігі туралы аталған аудиторлардың жеке пікірін олар алынғаннан кейін дереу, бірақ кез келген жағдайда әрбір осындай жыл аяқталғаннан кейін алты айдан кешіктірмей Банкке тапсыруы;

және

(iii) Банк негіздей отырып мезгіл-мезгіл сұрататын және аталған құжаттар мен шоттарға, сондай-ақ олардың аудиторлық тексерістеріне қатысты осындай өзге де ақпаратты Банкке тапсыруы тиіс.

4.02-бөлім. (а) Заем алушы бухгалтерлік есептің негізді тәжірибесіне өзінің қаржы жағдайы мен операцияларына бухгалтерлік есеп пен есептеулер жүргізіп отыруға міндетті.

(Б) Заем алушы:

(i) Банк үшін қабылданымды тәуелсіз аудиторлармен аудит жүргізуге және барлық жерде қолданылатын аудит ережелеріне сәйкес, әрбір жыл сайын бухгалтерлік есеп,



есептеу және есеп беру (бухгалтерлік баланс, кіріс және шығыс туралы жазбалар және осыларға байланысты есеп берулер) жүргізіп отыруға;

(ii) Банкке дереу, бірақ кез келген жағдайда әрбір осындай жыл аяқталғаннан кейінгі алты (6) айдан кешіктірілмей: (А) аудит аяқталуы бойынша әр жыл үшін өз қаржылық есептерінің куәландырылған көшірмесін және (В) аталған аудиторлардың жүргізген аудиторлық тексеруінің Банк негіздеуі мүмкін көлемде және егжей-тегжейлі есебін беріп отыруға;

(iii) Банкке, бухгалтерлік есепке, есептеуге және қаржылық есептілікке қатысы бар кез келген басқа ақпаратты, сондай-ақ мезгіл-мезгіл Банк қажет етуі мүмкін аудитті беріп отыруға міндетті.

4.03-бөлім. Банкпен өзгеше келісімі бар жағдайдан басқа реттерде, Заем алушы мынадай жағдайда өзіне ешқандай да қарыз алмау керек, егер, әрбір тексерілген қаржылық жыл бойынша таза түсімдер осындай қарызды алудың алдында немесе қарыз алудың алдындағы он екі ай ішінде аяқталатын, қаншама үлкен қарыз болса да, ең болмағанда Займ алушының қарыз қайтаруының ең жоғары талабын 1,5 есе рет, алынатын қарызды қоса, жапса.

(b) Осы Бөлімнің мақсаттары үшін:

(i) "Қарыз" термині ӨМГ-нің кез келген берешегін білдіреді;

(ii) Қарыз болып мыналар есептеледі: (А) Заем туралы Келісім, келісу және де басқа құжаттар қарастыратын контракт, келісім немесе басқа құжат толтырылған күнгі қарыз немесе өзгеріс; және

(В) кепілдік келісімі бойынша кепілдіктің күшіне енуі үшін келісім күні;

(iii) "Таза түсімдер" термині мыналардың арасындағы айырмашылықтарды білдіреді: (А) қарыз алу кезінде ӨМГ пайыздарын есептеуге белгіленген өндірістік қызмет бабы бойынша барлық түсім көздерінен түсетін түсім тіпті олар он екі ай бойына қолданылмаса да, және таза өндірістік емес пайда сомасы; және (В) әкімшілік шығындар, жұмысты қолдау шығындары, салық немесе салық орнына төленетін төлемдер, амортизацияны қоса, басқа да кассалық емес өндірістік шығындар, пайыздар, басқа да қарыз бойынша шығындарды қосқандағы сома;

(iv) "өндірістік емес таза пайда" термині мыналардың арасындағы айырмашылықты білдіреді; (А) өндіріспен байланысы жоқ түсім көздерінен түсетін түсімдер; және (В) (А) тармағы бойынша түсетін түсімдер процессі кезінде пайда болған салықтар мен салық орнына төленетін төлемдерді қосқандағы шығындар;

(v) "қарызды өтеу бойынша талаптар" термині қарыз бойынша шығындар және пайыздардың (бар болса амортизациялық қор бойынша төлемді қоса) жалпы сомасын білдіреді;

(vi) осы бөлімнің мақсаттары үшін, Займ алушының валютасын негізге ала отырып, қарызды басқа валюта түрінде өтеуге жататын бағалау қажет, бұл баға, Банк қабылдай алатын пайыздық төлем бәсі негізінде, бұндай төлем бәсі жоқ кезде, қарыз өтеу

мақсатында бағалау кезіндегі валюта заң бойынша артықшылығы бар пайыздық төлем бәсі бойынша жасалу қажет.

## V Бап Банктің санкциялары

5.01-бөлім. Жалпы шарттардың 6.02 (1)-Бөліміне сәйкес мынадай қосымша оқиғалар айқындалды:

(a) ӨМГ жоба туралы келісім бойынша міндеттемелердің қандай да болмасын бірін орындай алмайды.

(b) Заем туралы келісім жасалған күннен кейін болған оқиғалардың салдарынан төтенше жағдай туындап, мұның өзі ӨМГ-нің Жоба туралы келісім бойынша өз міндеттемелерін орындай алмауына әкеліп соқтырады.

(c) ӨМГ-нің 1994 жылғы 25 қарашадағы Жарғысы, немесе Банкпен келісілген, оны алмастыратын кез келген басқа құрылтай құжаттары өзгертіледі, күші жойылады, қолданылу күші тоқтатыла тұрады, жойылады немесе кері шақырып алынады, бұл ӨМГ-нің Жоба туралы келісім бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілетіне елеулі түрде әрі теріс әсер ететін болады.

(d) Заем алушы немесе юрисдикцияны иеленіп отырған кез келген басқа бір өкімет органы ӨМГ-ні таратуға немесе жабуға, немесе оның қызметін тоқтата тұруға бағытталған қандай да бір болмасын іс-қимылдар жасауға әрекеттенеді.

5.02-бөлім. Жалпы шарттардың 7.01 (h)-Бөліміне сәйкес мынадай қосымша оқиғалар айқындалды:

(a) осы Келісімнің 5.01-Бөлімінің (a) парасында айқындалған кез келген оқиға болады және ол Банк бұл туралы Заем алушыны хабардар еткеннен кейін алпыс күн (60) бойы жалғаса береді;

(b) осы Келісімнің 5.01-Бөлімінің (c) және (d) параларында айқындалған кез келген оқиға болады.

## VI Бап Келісімнің күшіне ену мерзімі; Келісімнің қолданылуын тоқтату

6.01-бөлім. Мынадай оқиғалар Жалпы шарттардың 12.01 (с)-бөлімінің мәні шеңберінде Заем туралы келісімнің күшіне енуі үшін қосымша шарттар ретінде айқындалды:

(а) Қосымша заем беру туралы келісім Заем алушы мен ӨМГ-нің атынан жасалды; және

(б) ӨМГ-ні жекешелендіру Жоспарын жүзеге асыру осы Келісімнің 3.05-Бөліміне сәйкес әзірленді:

(с) жобаны іске асыруда және Өзен мұнай кен орнын пайдалануды басқаруда ӨМГ-ге техникалық және басқарушылық қолдау көрсету үшін ӨМГ-ге Банкті қанағаттандыратын шарттарда консультанттар жұмысқа қабылданды.

6.02-бөлім. Мыналар:

(а) Жоба туралы келісімге ӨМГ-нің тиісті түрде рұқсат бергені

немесе бекіткені және оның шарттарына сәйкес ӨМГ үшін заң тұрғысында міндетті болып табылатыны; және

(б) Қосымша Заем беру туралы келісімді Заем алушы мен ӨМГ тиісті түрде бекіткені немесе күшіне енгізгені және оның шарттарына сәйкес Заем алушы мен ӨМГ үшін заң тұрғысында міндетті болып табылатыны Банкке тапсырылатын қорытындыға немесе қорытындыларға енгізілетін болып, Жалпы шарттардың 12.02 (с)-Бөлімінің мәні шеңберінде қосымша аспектілері ретінде айқындалады.

6.03-бөлім. Осы арқылы Жалпы шарттардың 12.04-Бөліміне қолданымды осы Келісімге қол қойылғаннан кейін тоқсан (90) күн мерзім айқындалады.

## VII Бап

### Заем алушының өкілдері; Мекен-жайлар

7.01-бөлім. Заем алушының президенті Жалпы шарттардың 11.03-Бөліміне қолданымда Заем алушының өкілі ретінде тағайындалады.

7.02-бөлім. Жалпы шарттардың 11.01-Бөліміне қолданымда мынадай мекен-жайлар айқындалды:

Заем алушы үшін:

Қазақстан Республикасы,

Астана қаласы, 473000,

Республика даңғылы, 60

Банк үшін

Internatinal Bank for Reconstruction and Development

1818HStreet, N.W.Washington, DC 20433 United States of America

Телеграфтық мекен-жайы:

Телекс:

INTBAFRAD

248423 (RCA)

Washington, D.C.

82987 (FTCC)

64145 (WUI) or

197688 (TRT)

Осыны растау үшін оған қатысушылар, өздерінің тиісті түрде уәкілеттік берілген өкілдері арқылы әрекет ете отырып, осы Келісімге Америка Құрама Штаттарының Колумбия округінде, жоғарыда көрсетілген күні және жылы өздерінің атынан қол қою туралы билік етті.

"Қазақойл" ұлттық мұнайгаз компаниясы жабық  
акционерлік қоғамы

---

Уәкілетті өкіл

Халықаралық Қайта құру және  
Даму Банкі

---

Еуропа және Орталық Азия бойынша  
Аймақтық Вице-президент

1-Қосымша

## Заем қаражатын жұмсау

### 1. Төменде келтірілген кестеде Заем қаражатынан қаржыландыруы тиіс

шығыстардың санаты, Заемнан әрбір Санатқа бөлінетін қаржы сомасы және әрбір Санат бойынша қаржыландырылатын баптар бойынша процент айқындалады:

Санат	Заем Қаражатынан бөлінетін Қаржы Сомасы (долларлық баламда)	қаржыландырылатын шығыстар %
(1) Тауарлар	20,000,000	100% шетелдік шығыстары 100% жергілікті шығыстар (франко-зауыт бағасы бойынша) және басқа позицияларға, елдің ішінде жүргізілетін сатып алуларға арналған 75% жергілікті шығыстар
(2) Жер бетіндегі құрылыс жұмыстары Жобаның А-Бөлімі	23,000,000	82%
(3) Техникалық қызметтер көрсетулер	39,000,000	100% шетел шығыстары
(4) Техникалық және басқару қызмет көрсетулері	17,500,000	100%
(5) Мамандарды оқыту	2,400,000	100%
(6) Жобаны әзір. леуге берілген авансты қайтару	1,500,000	Сома осы Келісімнің 2.02 (с)-Бөліміне сәйкес төленуге

	жатады
(7) Бөлінбегені	5,600,000
Жиынтығы	109,000,000

## 2. Осы қосымшаға қолданымда:

(a) "шетелдік шығыстар" термині Заем алушының елінен басқа кез келген елдің аумағынан әкелінетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге заем алушы елінің валютасынан басқа кез келген елдің валютасында жұмсалатын шығынды білдіреді; және

(b) "жергілікті шығыстар" термині Заем алушының елінің валютасындағы немесе Заем алушының аумағынан берілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығыстарды білдіреді.

3. Осының алдындағы 1-пارانьң шарттарына қарамастан, қаражат алу: (a) осы Келісімге қол қойылғанға дейін жүргізілген; және (b) Жоба туралы келісімнің 2-Қосымшасының 5-парасына сәйкес ӨМГ персоналды оқыту стратегиясын әзірлеп, қабылдағанша 5-Санаттың шеңберінде жұмсалған шығыстарға төлем жасауға жүргізілуі тиіс емес.

4. Заем шотынан қаражат алу: (a) құны 50,000 доллардың баламынан кем контракттылар бойынша тауарлар мен жұмыстар үшін; және (b) фирмалар үшін контракттарының құны 100,000 доллардың баламынан кем және жекелеген адамдарға қатысты контракттарының құны 50,000 доллардың баламынан кем контракттылар бойынша қызметтер мен қызмет көрсету үшін ақы төлеген жағдайда шығыс ведомостары негізінде, банк Заем алушыны хабардар ететін шарттарда жүзеге асырылатын болуына Банк рұқсат беруі мүмкін.

## 2-Қосымша

### Жобаның сипаттамасы

Жобаның мақсаттары мыналар болып табылады:

(i) Өзен мұнай кен орнында өнім өндірудің құлдыра қарқынын төмендету және оны қайта инвестициялау үшін ресурстар жасау;

(ii) "Өзенмұнайгаз" компаниясын өміршең корпоративтік бөлімшелер етіп қайта ұйымдастыруға және оны/оларды жекешелендіруге жәрдемдесу;

(iii) бұрын пайдаланылған өндірістік практикадағы өнімді қабаттардың, скважиналардың ағымдағы жай-күйіне және кен орнының қоршаған ортаға әсерін бағалау;

(iv) қоршаған ортаға бұрынғы кезде келтірілген залалдың зардаптарын жоюға үлес қосу және экологиялық мониторинг пен басқаруды күшейту;

(v) "Өзенмұнайгаздың" қызметкерлерін мұнай кен орындарында жұмыстың осы заманғы әдістеріне оқыту және олардың оңалту бағдарламасын жүзеге асырып, мұнай кен орнын пайдалануды басқару қабілетін күшейту.

Жоба осы мақсаттарға қол жеткізу үшін Банк пен Заем алушының екі жақты келісімі бойынша мезгіл-мезгіл өзгеріп отыруы мүмкін мынадай бөлімдерден тұрады:

## А Бөлімі

### Физикалық объектілерге бөлінетін инвестициялар

#### 1. Жер қойнауын оңалту

(a) 400-ге жуық мұнай өндіретін және 100-ге жуық қысымдағыш скважиналарды күрделі жөндеу үшін жабдықтар мен қосалқы бөлшектерді қамтамасыз ету.

(b) Күрделі жөндеуге және мұнай өндіруге арналған химикаттарды қамтамасыз ету.

#### 2. Жер бетіндегі құрылыстарды оңалту

(a) Жалпы есептік ұзындығы 205 шақырым (км) болатын әрі мұнай өндіретін скважиналарды коллектрлық қондырғылармен жалғастырып тұрған 340-қа жуық бөлме құбыр желілерін (диаметрі 3 дюймдік 135 км жуық құбыр және диаметрі 4 дюймдік 70 км жуық құбыр) ауыстыру.

(b) Спутниктерді көшіру және шамамен 8 қондырғыдан тұратын, сынақ және топтық сепараторлармен, сондай-ақ тиісті шығын өлшеуіш және бақылау жабдықтарымен жабдықталған, жұмыс істеп тұрған жинау қондырғыларын интеграциялау.

(c) Жинау қондырғылары мен жұмыс істеп тұрған мұнай әзірлеу қондырғысы арасында мұнай су тасымалдау үшін айдауыш құбыр желілерін ауыстыру және жаңа жинау қондырғылары мен 3А Блогындағы жер қыртысына су айдау қондырғысы арасында жер қабатынан алынған суларды айдайтын жаңа су құбырын төсеу.

(d) 3 А Блогында өндірілетін шикі мұнайға арнап мамандандырылған технологиялық тізбек жасау үшін жұмыс істеп тұрған орталық мұнай өңдеу қондырғысын жаңарту.

(e) 3 А Блогындағы айдауыш насос станциясында суды толық өңдейтін жүйе орнату

(f) Жұмыс істеп тұрған, су айдауға арналған насостар мен су

насостары станциясын қысымдағыш скважиналармен жалғастыратын, қажетті шығын өлшеуіш және бақылау жабдықтары бар жоғары қысымды су құбырларын ауыстыру.

### 3. Қоршаған ортаны қорғау және қалпына келтіру

Лабораториялық талдауға және экологиялық мониторингке арналған жабдықпен қамтамасыз ету; жекелеген аймақтардың өсімдік қабатын тазарту және тәжірибелік тұрғыда қалпына келтіру; Өзен мұнай кен орнының қазіргі экологиялық жай-күйі жөнінде деректер базасын жасау.

## В Бөлімі

Физикалық объектілерге бөлінетін инвестициялардың жүзеге асырылуын қолдау

1. Скважиналарды сынау, каротаж және перфорациялау және скважиналарға қайталап су айдау жөнінде қызметтер көрсету.

2. 400-ге жуық скважинаны күрделі жөндеу бағдарламасын жүзеге асыру үшін скважиналарды күрделі жөндеу қондырғыларының қызметімен қамтамасыз ету.

3. Жобаны жоспарлау және басқару, инженерлік жобалау және салу, сондай-ақ скважиналардағы жөндеу жұмыстарын қадағалау үшін техникалық және басқарушылық ноу-хау қызметтерін көрсету; өнімді қабаттарды әзірлеу мен өндіруді басқару; "Өзенмұнайгаз" компаниясының персоналын оқыту.

## С Бөлімі

Ұйымдастырушылық дамыту

1. Техникалық және басқарушылық ноу-хау қызметтерін көрсету және



жабдықтар беру арқылы Өзенмұнайгаз компаниясының қаржы және өндірістік ақпараттық жүйелерін жетілдіру жолымен оның басшылығын күшейту.

2. Техникалық және басқарушылық ноу-хау қызметтерін көрсету және жабдықтар беру арқылы Өзенмұнайгаз компаниясын қаржылық басқаруды, сондай-ақ оның бухгалтерлік есепке алу практикасы мен жүйелерін жетілдіру.

3. Жобаны іске асыру 2000 жылдың 30 маусымына қарай аяқталады деп күтіледі.

### 3-Қосымша

#### Өтеу сызбасы

Төлем мерзімі                      Негізгі соманың өтелуі  
(АҚШ долларында)\*

2001 жылғы 15 қараша	4,540,000
2002 жылғы 15 мамыр	4,540,000
2002 жылғы 15 қараша	4,540,000
2003 жылғы 15 мамыр	4,540,000
2003 жылғы 15 қараша	4,540,000
2004 жылғы 15 мамыр	4,540,000
2004 жылғы 15 қараша	4,540,000
2005 жылғы 15 мамыр	4,540,000
2005 жылғы 15 қараша	4,540,000
2006 жылғы 15 мамыр	4,540,000
2006 жылғы 15 қараша	4,540,000
2007 жылғы 15 мамыр	4,540,000
2007 жылғы 15 қараша	4,540,000
2008 жылғы 15 мамыр	4,540,000
2008 жылғы 15 қараша	4,540,000
2009 жылғы 15 мамыр	4,540,000
2009 жылғы 15 қараша	4,540,000
2010 жылғы 15 мамыр	4,540,000
2010 жылғы 15 қараша	4,540,000
2011 жылғы 15 мамыр	4,540,000
2011 жылғы 15 қараша	4,540,000
2012 жылғы 15 мамыр	4,540,000
2012 жылғы 15 қараша	4,540,000
2013 жылғы 15 мамыр	4,540,000

109,000,000

\* Бұл бағандағы сандар қаражатты тиісті алудың күніне айқындалған доллар баламын көрсетеді. Жалпы шарттардың 3.04 және 4.03-Бөлімдерін қараңыз.

Мерзімінен бұрын өтегені үшін берілетін сыйлық

Жалпы шарттардың 3,04 (b) Бөліміне сәйкес мерзімінен бұрын өтегені үшін төленетін және кез келген өтем мерзіміндегі негізгі заем сомасына есептелетін сыйлық мерзімінен бұрын өтелген уақыты негізінде төмендегіше айқындалатын проценттік төлем ставкасына тең болады:

Мерзімінен бұрын өтеу уақыты	Сыйлық: мерзімінен бұрынғы төлем күні заем сомасына есептеліп, мыналарға көбейтілген проценттік төлем ставкасы (жылдық проценттерде көрсетілген)
------------------------------	---

Өтеу мерзіміне дейін үш жылдан ерте емес	0,18
--	------

Өтеу мерзіміне дейін үш жыл бұрын, бірақ алты жылдан ерте емес	0,35
--	------

өтеу мерзіміне дейін алты жыл бұрын, бірақ 11 жылдан ерте емес	0,65
--	------

өтеу мерзіміне дейін 11 жыл бұрын, бірақ 15 жыл ерте емес	0,88
---	------

өтеу мерзіміне дейін 15 жыл бұрын	1,00
-----------------------------------	------

4-Қосымша

## Арнаулы шот

### 1. Осы қосымшаға қолданымда:

(а) "Құқылы Санаттар" термині осы Келісімнің 1-Қосымшасының 1-парасындағы кестеде айқындалған (1), (2), (3), (4) және (5) санаттарды білдіреді; "Құқылы шығындар" термині күмән келтірмеу үшін санаттағы "Құқылы" термині жоғарыда ескертілген санаттарды, егер қаражат жұмсау шарттары бар болса, солар осы Келісімнің 1-Қосымшасының 3-парасына қаншалықты қатысты орындалған болса, соншалық дәрежеде ғана қамтиды деп түсіндіріледі;

(б) "Құқылы шығындар" термині жобаны іске асыру үшін қажетті тауарлар мен қызметтерді сатып алуға жұмсалған, осы Келісімнің 1-Қосымшасының шарттарына сәйкес Құқылы Санаттарға мезгіл-мезгіл бөлініп тұратын Заем қаражатынан қаржыландырылатын негізді шығындарға қатысты шығындарды білдіреді; және

(с) "Рұқсат етілген қаржы" термині осы Қосымшаның 3 (а) парасына сәйкес Заем шотынан алынып, Арнаулы шотқа орналастыратын, 600,000 АҚШ долларына баламды соманы білдіреді, алайда, егер Банкпен арада өзгеше келісім болмаса, кредиттік желілерді резервтеу жөнінде Банк өзіне алған қазіргі міндеттемелердің барлығының жалпы сомасы Жалпы шарттардың 5.02-Бөліміне сәйкес 3 миллион АҚШ долларының баламына тең болмайынша немесе одан асып түспейінше Рұқсат етілген қаражат 100 мың АҚШ долларына баламды сомамен шектелетін болады.

2. Арнаулы шоттан қаражат төлеу осы Қосымшаның шарттарына сәйкес тек құқылы шығындар үшін ғана жүзеге асырылатын болады.

3. Банк арнаулы шоттың тиісті түрде ашылғанына қанағаттанарлық растама алғаннан кейін Арнаулы шотты толықтыру үшін рұқсат етілген қаражат қаржыларын алу және қаражаттың бұдан былайғы алынуы былайша жүзеге асырылатын болады:

(а) Рұқсат етілген қаражат қаржыларын алу үшін Заем алушы Банкке Рұқсат етілген қаражаттың жиынтық сомасынан аспайтын аударымға немесе аударымдарға талап немесе талаптар тапсыруы тиіс. Осындай талаптың немесе талаптардың негізінде Банк Заем алушы талап еткен осындай соманы немесе сомаларды Заем алушының атынан Заем шотынан алып, Арнаулы шотқа орналастыруы тиіс.

(б) (і) Арнаулы шотты толықтырып отыру үшін Заем алушы Банк айқындайтын уақыт аралығын араға салып, Арнаулы шотқа қаржы аудару үшін Банкке талаптар тапсырады.

(іі) Осындай талапқа дейін немесе сол сәтінде Заем алушы Арнаулы шотты толықтыру үшін талап келіп түскен төлемге немесе төлемдерге қатысты осы Қосымшаның 4-парасына сәйкес қажет болатын құжаттарды немесе басқа да

раस्ताуларды Банкке тапсыруы тиіс. Осындай талаптың негізінде Банк Заем алушы талап еткен және аталған құжаттар мен басқа да растауларды көрсетілген Құқылы шығындарды Арнаулы шоттан төлеу үшін пайдаланылатын соманы Заем алушының атынан Заем шотынан алып, Арнаулы шотқа орналастыруы тиіс.

Осындай барлық аударымдарды Банк тиісті Құқылы Санаттар бойынша Заем шотынан алуы тиіс және олар аталған құжаттар немесе басқа да растаулар арқылы куәландырылатын тиісті баламды соманы құрауы тиіс.

4. Заем алушының Арнаулы шоттан төлеген әрбір төлемі үшін Заем алушы бұл төлемнің тек қана Құқылы шығындар үшін жүзеге асырылғанын көрсететін осындай құжаттарды немесе басқа да растауларды Банк негіздей отырып сұратқан мерзімде Банкке тапсыруы тиіс.

5. Осы Қосымшаның 3-парасының шарттарына қарамастан:

(a) Егер қандай да бір болмасын уақытта Банк қалған барлық қаражат алынымдарын Заем алушы Жалпы шарттардың V Бабының және осы Келісімнің 2.02-Бөлімінің (a) парасының шарттарына сәйкес Заем шотынан тікелей жүзеге асыруы тиіс деп айқындаса; немесе

(b) Егер Заем алушы Арнаулы шот жөнінде жазбалар мен шоттардың аудиторлық тексерістеріне қатысты осы Келісімнің 4.01 (b) (ii) Бөліміне сәйкес тапсырылуын Банк талап етіп отырған қандай да болмасын аудиторлық есепті аталған бөлімде ескертілген уақыт ішінде Банкке тапсыра алмайтын болса;

(c) Егер Банк әлдебір уақытта Заем алушының Жалпы шарттардың 6.02-Бөліміне сәйкес Заем шотынан қаражат алу құқығын ішінара немесе тоқтата тұру жайындағы өз ниеті туралы Заем алушыны хабардар етсе; немесе

(d) Құқылы санаттарға бөлініп, алынбаған Заем қаражатының сомасы, Жалпы шарттардың 5.02-Бөліміне сәйкес Жобаға қатысты Банк қабылдаған қазіргі кез келген айрықша міндеттеменің сомасын шегеріп тастағаннан кейін, Рұқсат етілген қаражаттың екі еселенген сомасының баламына теңескен бойда Банктен бұдан әрі Арнаулы шотқа қаражат орналастыру талап етілмейтін болады.

Бұдан кейін Құқылы санаттарды қаржыландыру үшін Заем қаражатының қалғанын Заем шотынан алу Банк Заем алушыны хабардар ететін рәсімдерге сәйкес жүзеге асырылатын болады. Бұдан былайғы осындай қаражат алу осындай хабар берілген күні Арнаулы шотта қалған осы соманың барлығы Құқылы шығындарға төлеуге пайдаланылатынына Банк көз жеткізген дәрежеде және содан кейін жасалатын болады.

6. (a) Егер Банк бір кездері Арнаулы шоттан төленген қандай да бір болмасын төлемнің (i) осы Қосымшаның 2-парасына сәйкес қабылданымды болып табылмайтын шығындарға немесе сондай сомада төленгенін; немесе (ii) Банкке тапсырылған растаулар арқылы негізделмеген анықтаса, Заем алушы Банктен хабарлама алғаннан кейін дереу; (A) Банктің талап етуі бойынша осындай қосымша растауды тапсыруға; немесе (B) осындай төлем сомасына немесе оның қабылданымды немесе негізді болып

табылмайтын бөлігіне тең соманы Арнаулы шотқа салуға (немесе, егер Банк талап етсе, қаражатты Банкке қайтаруы) тиіс. Егер Банкпен өзгеше келісім болмаса, Заем алушы осындай растауларды тапсырмайынша немесе осындай жағдайда болуы мүмкін осындай қаражат салуды немесе оны қайтаруды жүзеге асырмайынша, Банк бұдан әрі Арнаулы шотқа қаражат аудармайтын болады.

(b) Егер Банк бір кездері Арнаулы шотта жұмсалмай қалған қандай да бір болмасын сома білікті шығындар үшін бұдан әрі төлемдер төлеуге қажет болмайды деп айқындаса, Займ алушы жұмсалмай қалған осындай соманың Банк хабар берген бойда дереу Банкке қайтаруға міндетті.

(c) Заем алушы Арнаулы шотқа салынған қаражаттың барлығын немесе ол қаражаттың бір бөлігін, Банкті хабардар ете отырып, Банкке қайтаруға міндетті.

(d) Осы Қосымшаның 6 (a), (b) және (c) параларына сәйкес Банкке қайтарылған қаражат Жалпы шарттарға қосылғанда, осы Келісімнің тиісті шарттарына сәйкес кейін алу үшін немесе жою үшін Заем шотына аударылады.